

**ИСЛАМ МӘДЕНИЕТИ МЕН БІЛІМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ**



**БІЗ ҰСТАНАТЫН  
ДІНИ ЖОЛ**

Алматы, 2012

УДК 2-846 (574)

Б94

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
САРАПТАУ КОМИССИЯСЫ МАҚҰЛДАҒАН**

Б94 Біз ұстанатын діни жол, - Алматы:  
«Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2012. - 36 бет

ISBN 978-601-80227-2-2

Әрбір елдің жүріп өткен ұзақ қоғамдық тарихы болатын сияқты оның діні мен ділінің жалпы руханиатының да керуен-керуен жолы болады.

Қолыңыздағы кітапшада қазақ жұртының сонау ықылым заманнан бергі ұстанып келген діни жолы жан-жақты баяндалады.

Ата дініміздің тарихына қызығатын жалпы оқырман қауымға арналады.

УДК 2-846 (574)

Б94

ISBN 978-601-80227-2-2

*ШЕЙХ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ,  
ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ  
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ТӨРАҒАСЫ, БАС МҮФТИ*

## **БІЗ ҰСТАНАТЫН ДІНИ ЖОЛ**

Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзақ-сонар тарихы болады. Содан әр ел өмірлік сабақ алып, келешегіне болжам жасайды. Бүгінде әлемнің төрттен бірін құрайтын мұсылман жұртшылығының да алтын әріптермен жазуға тұрарлық өзіндік жарқын тарихы бар. Иә, дінмен, иманмен, сеніммен біте қайнасып жатқан тарих қашан да сәулелі, нұрлы болары сөзсіз.

Тарихтың әу басы әлемді түнектен жарыққа жетелеген пайғамбарлардан бастау алады. Адамзат баласы ең асыл қасиеттерді, барша ізгі құндылықтарды пайғамбарлардан үйренді. Мәселен, өз ағаттығы үшін Алла тағаладан кешірім тілеп, тәубеге келуді мұсылмандар сонау Адам атамыздан үйренді. Дұшпандары тарапынан отқа тасталып жатса да, қасқайып тұрып: «Хасбуналла» (медет тілерім бір Алла) дейтін қас жүрек турашылдықты Алла тағаланың досы бабамыз Ибраһимнің тәлімінен алды. Өз еңбегімен, һәм маңдай терімен күн көруді Дәуіт пайғамбардан, қиын-қыстау, ауыртпашылықтарға сабыр етуді Аййуб пайғамбардан, ар-намысты бәрінен жоғары қоюды және әр мәселені даналық және хикметпен шешуді Жүсіп пайғамбардан үйренді.

Ендеше, бүкіл жақсылық атаулының ең алғашқы насихатшылары пайғамбарлар болған. Олардың өмірі ғибратты үлгі-өнегеге толы. Осынау рухани әлемнің керуенін ғаламның рақым нұры, адамзаттың ардақтысы Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) тәмамдады. Соңғы Пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла құзырындағы, пайғамбарлар арасындағы, екі дүние жұртындағы орны, әрине зор. Алла елшісі (с.ғ.с.) барша пайғамбарлардың ерекшеліктері мен қасиеттерін бойына жинай білген пайғамбарлар сұлтаны һәм ақырғы елші. «Мұхаммед» деген есімді естігеннің өзінде ақиқат әлеміне бойлай білген қаншама адамның көзі сүйіспеншілік жасына, көңілі шаттық сезіміне бөленіп, ғаламат бір күй кешеді.

Қазақ елінің тарихына да осынау мәртебелі, ұлы тұлғалардың қатысы жоқ деуге құқымыз жоқ. Өзімізді һәм ата-бабаларымызды мұсылман санасақ, онда осы тарихқа да ортақпыз деген сөз. Бүгінге дейін қазақтың тарихы біраз жазылды, зерттеліп зерделенді. Бірақ қазақтың жүріп өткен діни жолын қозғаған еңбектер некен-саяқ. Қатпар-қатпар тарихымыздың қойнауын ақтарсақ, руханиятымыздың, дініміздің, мінез-құлқымыздың, дүниеге көзқарасымыздың да өз жолы болғанын аңғарамыз. Бүгінде бабаларымыздың діни жолы мен ұстанған бағыты қандай болған, асыл діннің даңғыл тарихына қай ғасырда қосылдық деген секілді сұрақтардың жауабы әр қазақты қызықтырса керек. Дүниені жайлаған жаһандану дәуірінде бұрын көз көріп, құлақ естімеген сан түрлі діни ағымдар елімізде сайран құрған кезеңінде бұны зерделеу айтарлықтай маңызды.

## Ақырғы елші аманаты

Һижрадан (622 жыл Һижра жыл санауының бастауы) 4600 жыл бұрын Ад тайпасына жіберілген Һуд (а.с.), Һижрадан шамамен 4400 жыл бұрын Самуд тайпасына жіберілген Салих (а.с.), Һижрадан шамамен 3400 жыл бұрын Мадиян жұртына жіберілген Шұғайб (а.с.) және Һижрадан шамамен 3800 жыл бұрын Меккедегі Журхум тайпасына жіберілген Исмайылдар (а.с.) және т.б. хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі араб жұртына жіберілген пайғамбарлар қатарын құрады.

Алланың соңғы елшісі, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Араб елінің экономикалық және діни орталығы саналған Мекке қаласында 571 жылы дүниеге келді. Бұл қаланың тұрғындары егіншілікпен де, қол өнерімен де, бау-бақша өсірумен де шұғылданбайтын. Олар солтүстік жағынан Шам, Ирак, Мысыр қалаларынан, ал оңтүстігінен Үндістан, Қытай, Шығыс Африка елдерінен келетін үлкен-үлкен сауда керуендерінің күтімімен айналысатын. Халықтың дені негізінен осы іске ден қоятын. Меккедегі ең беделді, әрі бай саналатын Құрайыш тайпасы сауда экспедицияларын ұйымдастырып басқаратын. Сондай-ақ, өсімқорлық та бұл тайпаның кәсібі болды. Өйткені, Хижаздың көшпелі тайпалары көбіне-көп қарыз астында езіліп, одан құтылу үшін өсіммен ақша алатын.

Құрайыш тайпасы Араб түбегіндегі өзге тайпалардың бірі ғана болғанмен, ол экономикалық

жағдайы жағынан өзгелерден көш ілгері-тін. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы тайпаның Һашим руынан шықты. Әкесі шағын дәулетті Абдулла деген кісі еді. Ол өмірден ерте озып, алты жасында анасы Әминадан да айырылып, жетім қалды. Сөйтіп, сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көкесі Әбу Тәлібтің қамқорлығында өсті. Оның қолында жүріп, қой да бақты. Ер жете келе сауда керуендеріне қосылып, оларға атқосшылық та жасады. Құран Кәрімде Алла тағала Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды бүкіл ғаламдарға рахым нұры, әрі ақиқат дінді жеткізуші етіп жібергені жайлы: **«Ей, адамдар! Мен сендердің барлығыңа Алланың жіберген елшісімін. Жер мен көктің патшалығы Алланыкі. Одан өзге ешбір Құдай жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Сондықтан Аллаға және Алланың сөздеріне сенетін, оның оқу-жазуды білмейтін елшісіне иман келтіріңдер. Тура жол табуларың үшін оған ілесіңдер!»**, («Ағраф» сүресі, 158-аят ) дейді.

Бұған дейінгі сан мыңдаған пайғамбарлардың арасында бір қауымға ғана емес, бүкіл адамзат пен жындарға жіберілген ақырзаман пайғамбары хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) алар орны ерекше. Алла тағала: **«Сені бүкіл әлемге рақым етіп қана жібердік»**, – деп оған өзгеше ілтипат танытты. Сондықтан Алланың соңғы елшісі (с.ғ.с.) Қасиетті Құранды барша адамзат баласына түсіндіріп, насихаттады. Өмірінің соңына дейін осы міндетті қалтқысыз атқарды. Мүбәрак Құран болса, жер бетіне өзінен бұрын түскен қасиетті кітаптар мен парақтардың (сухуф) мазмұнын толықтай қамтыды. Оларда берілген діни

үкімдерді бекіте келді және алдыңғы кітаптардың үкімін жойған соңғы түскен қасиетті кітап.

### Ұлы өркениетке қадам

VII ғасыр алғашында араб қоғамы, кейіннен бүкіл адамзат үшін ұлы өркениет пен мәдениеттің нұрлы бастауына айналды. Араб түбегінде аса қуатты діни мемлекеттің орнауы жер жаһанның тынысына бұрын-соңды болмаған жаңа леп алып келді. Бұл елдің бұрыннан табынып келген жалған құдайлары мен пұттарын тастап, мұсылмандықты қабылдап, жалғыз Алла тағалаға ғана құлшылық етуінің игі әсері еді. Адамдардың дүниеге, бүкіл жаратылыстарға деген көзқарасы өзгерді. Ұлы Жаратушыға деген сенім біртіндеп адамгершілік қасиеттермен де толықты. Ислам қоғамдық қатынастарға ықпал етіп, жалпақ жұрттың әлеуметтік мәселелерін де оп-оңай шеше бастады. Бір-бірімен шабысып-қырқысып жатқан араб ру-тайпаларының бір тудың астына бірігуі халықтың көсегесін көгертіп, мерейін асырды. Ислам діні адамдарды жаңа құқықтық қарым-қатынасқа шақырып, жаңа сенімнің кеңінен жайылуына жағдай тудырды. Жаңа дін келуінен он жыл өтпей жатып арабтардың ұлан-асыр жерді бағындырған даңқы жан-жаққа жайыла бастады. Ал хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың қауымы ақиқат дінді жаю жолындағы күрестің маңызын жан-тәнімен қабылдап, оны табиғи мінездеріне айналдыра білді. Сөйтіп, Ислам діні Азия мен Африка халықтарының арасында, Еуропаның бір бөлігінде, жалпы Үндістаннан Испанияға дейінгі ұлан-ғайыр далада кеңінен жайыл-

ды. Үш құрлықтың тұрғындарынан құралған көптеген халықтар бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай бірігіп, рухани-саяси күшке айналды. Сол кезде әлемді дүр сілкіндіріп тұрған екі алып империя Иран мен Византия да мұсылмандардың ығына жығылды.

Анығырақ айтар болсақ, Әбу Бәкір (р.а.) халифалығы кезінде (632-634 ж.) жалған пайғамбарлар мен зекет бермейтін тайпалар тәртіпке келді. Қасиетті Құран кітап болып жинақталды. Хазіреті Омар (р.а) кезінде (634-644 ж.) Ирак, Иран, Шам және Мысыр елдеріне Ислам діні орнады. Хазіреті Османның (р.а.) дәуірінде (644-656 ж.) алғашқы Ислам теңіз флоты құрылды. Кипр азат етілді. Бірақ үшінші халифа кезінде билікке қарсы шығушылар бой көтеріп, хазіреті Әлидің (р.а) дәуірінде тіпті күшейіп кетті. Бұл мұсылмандардың бөліне бастауына себеп болып, исламның жайылуына кері әсерін тигізді.

Умеядтар (Амауилер) дәуірінде (661-750) Ислам діні қайта қанат жайды. Солтүстік Африка толығымен Исламды қабылдап, Испанияға Ислам туы тігілді. Хорасан мен Мауараннаһр аймақтары жаңа дінге өтті.

Ал Аббасилердің билігі кезеңінде Ислам дінінің таралу қарқыны бәсеңдеді. Дегенмен бұл дәуірде Исламды өркениет жолымен жаюға, ілім-білім мен өнерге, әдебиетке көбірек көңіл бөлінді. Түріктер мен парсылар (Иран) секілді араб емес өлкелерге бұл дәуірде белгіленген міндеттер жүктелді.

Түркі әлемінің діни тарихына келсек, бұл жұрттың өте көп сенім түрлерін басынан өткізгенін көреміз.



Бірақ мұнда бәрінен де Көктәңірге сыйыну ерекше көп тараған. Кейбір шетелдік тарихшылар түркілер тарихын Исламға дейінгі және Исламнан кейінгі деп бөле қарастырады.

Аббасилер дәуірінде түрік-араб қақтығыстары айтарлықтай орын алған жоқ. Ал 751 - жылы қытайлар мен Аббас әскері арасындағы Талас (Атлах) шайқасында қарлұқтардың мұсылмандарды жақтауы аббасилердің жеңісіне сеп болғаны тарихтан мәлім. Осы шайқастан соң түрік-араб қарым-қатынасы оң бағытта өрбіді. Бұл жағдай Орта Азияның тарихында маңызды болумен қатар, түркілердің Ислам дінін қабылдауына да игі әсер етті. Талас шайқасында арабтармен күш біріктірген қарлұқтар X ғасырдан бастап лек-легімен Ислам дінін қабылдай бастады. Мұның басты себептерінің бірі түркі әлемінің исламға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, сенімі мен Ислам діні арасында көп жақындық пен ұқсастықтар болуында еді. Одан бөлек, түркілердің кеңпейіл мінезі Ислам дінімен тез сіңісті. Түркілердің бір тәңірге бас ию дәстүрі де жалғыз Жаратушыға ғана құлшылық етуге шақырумен ерекшеленетін исламның бұл елдерде тез қанат жаюына ықпал етті. Яғни өзара құндылықтары да ұқсас болды.

Ал саяси жағынан алғанда, жоғарыда аталғандай көршілес қытайлардың түркі жерлеріне көз тігіп отырған дәуірінде арабтармен тізе қосып, жауларды қирата жеңу тиімді жол болатын.

Демек, түркі әлемінің Ислам дінін қабылдауына әлеуметтік, экономикалық және саяси алғышарттар да себеп болғаны анық.

Аталмыш шайқастан соң бірте-бірте түркі араб қарым-қатынастары жақсара берді. Орта Азия біртіндеп мұсылман еліне айналды.

### Сунниттер мен шииттер

Табиғиндер (сахабаларға ерушілер) дәуірінде мұсылмандар арасында пікір қайшылықтары да кездеспей қалмады. Сүннетті ұстану жолынан байқамай адасқандар да кездесті. «Әһли сунна уәл - жамағат» (сүннет пен жамағат иелері) жолынан бағыты тайып кеткен Харижилер (бөлініп шығушылар) шиалар секілді бағыттарға бөлінушіліктер осы кезеңге тән.

«Шиа» «партия», «жақтаушылар», «тараптас болу» деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан үшінші халифа хазіреті Османның (656 ж.) шаһид етілуінен кейінгі ішкі жанжалдар кезінде хазіреті Әлиді халифалыққа лайық көріп әсіре жақтаушылар «Шиа-и Әли» (Әлидің жақтастары) деп аталды. Шиа бағытының тарихы осылай саяси шиеленіспен басталған. Хазіреті Әли жиырма жылдан астам өзінен бұрынғы үш халифаға бойұсынып, олардың билігі бойынша өмір сүрді. Түсінген жанға бұл да біраз жайттан хабар берсе керек.

Жалпы алғанда, хазіреті Әлиге деген шектен тыс махаббат шиа бағытының пайда болуына жол ашты. Дәлірек айтсақ, бұрынғы екі үлкен мемлекеттердің бірі сасандықтар мұрагері ирандықтар арабтардың өздеріне билік жүргізуін іштей қаламады. Нәтижесінде Әлиді жақсы көру деген желеумен арабтардан бөлініп, өздерінше діни бағыт қалыптастырды. Бірақ бұл діни бағыт толық салтанат құра алма-

ды. Тек Аббасилер дәуірінде халифат тарапынан аз ғана қолдау тапқанымен, кейіннен қайта қуғынға ұшырады. Әр жерде қашып жүріп хандықтар құрды. Солар жиналып, ақыры тәуелсіз шиит мемлекеті дегенге қол жеткізді.

Бүгінгі таңда әлемдегі мұсылмандардың шамамен 90 пайызы исламның сунниттік бағытын ұстанады. «Суннит» араб тіліндегі «Әһли сунна уә - жамағат» (Сүннет пен жамағат иелері) тіркесінен алынған. Негізінде, сүннет («сунна») деп ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолын айтамыз. Исламның алғаш пайда болған кезіндегі саңлақ сахабалар, олардың соңынан ерген табиғиндер (ерушілер) және табиғиндерге ілесушілер осы сунниттік бағытта болды. Олардан кейінгі ғұламалар «халафи садықиин» (кейінгі шыншылдар) деп аталды. Олар да сунниттердің жолын ұстанды. Қысқасы, суннизм – сонау VII - ғасырдан бүгінге дейін алтын тіндей үзілмей жалғасып келе жатқан ислам жолы. Сунниттер төрт әділ халифаның заңды билігін мойындайды, алты негізгі хадис (Бухари, Муслим, Тирмизи, Әбу Дауд, Нәсаи, Ибн Мажа) жинақтарына күмән келтірмейді, сенім тіректері жағынан Матуриди, Әшғари мектептерін басшылыққа және төрт құқық мектебінің (мәзһабына) біріне тиесілі болады. Қазақ халқы да сан ғасырлардан бері осы сунниттік жолдың ішіндегі Ханафи мәзһабын ұстанып келеді.

### Төрт мәзһаб

Мәзһаб – жол, мектеп, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шарифат тұрғысынан алғанда,

арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығын мәзһаб дейміз. Мұсылмандар өміріндегі намаз, ораза, зекет, қажылық сынды діни іс-амалдардың барлығы мәзһаб ғұламалары анықтаған үкімдерге сай атқарылады.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар бола қоймады. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді. Уақыт өте мұсылмандардың саны көбейе түсті, жаңа мәселелер туындай бастады. Өйткені өмір мен тіршілік үнемі өзгеріп, өркендеп, жаңарып, дамып отырды. Бұндай жағдайда, сахабалар өз білімдеріне сүйеніп, шариғат шеңберінде ондай өзекті мәселелерді шешіп отырды. Мысалы, Әбу Бәкір (р.а.) халифалық кезінде бір мәселеге байланысты шешім шығарар алдында Құран аяттарына сүйенген, ал мәселенің жауабын аяттардан таба алмай қалған жағдайда, хадистерден іздеген. Ол жерден де таба алмаса, білімді де, беделді сахабалардың басын қосып, олармен сол мәселелер туралы кеңесіп, ойларын тыңдап, содан кейін ғана шешім шығаратын.

Кейінірек Ислам діні өзге халықтар, ұлыстар арасына тарады. Олар араб тілін де, дінін де білмейтін. Діни үгіт-насихат пен тағылым істерін оларға жеткізу сахабалар үшін оңай емес-тін. Бұл ретте сахабалар Ислам дінін бүге-шігесіне дейін үйренемін дегендерге ұстаздық етті. Сол ұстаздар қатарына хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың ұлық

төрт халифасы, сондай-ақ Абдулла ибн Масъуд (590-653), Абдулла ибн Омар (612-692), Абдулла ибн Аббас (619-687), Абдулла ибн Әмр ибн Ас (615-684), Зәйд ибн Сәбит (615-665) және хазіреті Айша (613-678) (р.а.) анамызды жатқызуға болады. Олар өз заманының дара әрі дана адамдары еді. Абдулла ибн Аббастың (р.а.) үйі «білім ордасы» атанған. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз оларға: *«Сахабаларым аспандағы жолшы жұлдыздар іспетті. Олардың қайбіріне ілессеңдер, хақ жолын табасыңдар»*, – деп жоғары бағасын берген.

Сахабалар кезінде түрлі діни көзқарастар пайда болды. Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шарифатты дамытып, жалған мектептерге (мәзһабтарға) қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші Әбу Ханифа (699-767), имам Мәлик (717-795), имам Шафиғи (767-820), Ахмед ибн Ханбал (780-855) секілді Ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келді. Бұлар Ислам әлемінде ресми мәзһаб саналып, 1300 жылдан бері өз ұстанымдары бойынша амалдарын жүргізуде. Ол мәзһаб иелерінің әрқайсысы мужтаһид (білгір) ғалымдар еді. Солардың біріне мойынсұну арқылы, осы заманға дейінгі әртүрлі қайшылықтардың алды алынып келді. Сондықтан бұл төрт мәзһабтың бірін ұстану қазіргі заман талабы да. Өйткені, олар Құран Кәрім мен сүннет жолына лайық болғандықтан «әһлу сунна уәл-жамаға», яғни хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннет жолын ұстанып,

көпшіліктен бөлінбей, бірлік-ынтымақты жақтаушы қауым мәзһабтары атанды.

### Ханафи мәзһабы

Исламның төрт құбыласын тең қылып тұрған төрт мәзһаб ішіндегі қарға тамырлы қазақтың жүрегі мен табиғатына, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына жақыны, әрі жалпақ даланы желіп өткен бабаларымыздың ықылым заманда-ақ таңдағаны имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы. Негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жұртына кеңінен тараған Ханафи мәзһабы тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай.

Күні кеше қызыл империя салған 70 жылдық зобалаңнан кейін, атеистік уыттан әлі айыға қоймаған, түрлі діни ағым шапанының астынан шыға алмай жүрген, діни білімі мен танымы кемшіндеу кейбір бауырларымыздың: – Әбу Ханифа мәзһабын ұстанудың не қажеті бар? – деген қитұрқы сауалдарын құлағымыз шалып жатады. Бұл сауалды қоюшыға Әбу Ханифа мәзһабының мән-маңызын ұғынып, сарабал сырларына үңілуге кеңес берер едік. Екіншіден, олар бұл құқықтық майталман мектепті ата-бабаларымыз неге ұстанғанын, оның өміріміз бен қоғамымыздағы алар орны мен рөлін бағамдағаны ләзім. Үшіншіден, әлем мұсылмандарының жартысынан астамы неге осы мәзһабты ұстанады? Себебі, бірлік пен ынтымақ адамзат баласы үшін құнды қазына. Исламдағы бір мәзһабта болудың артықшылығы, халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орта

Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері діни алауыздықтың болмай, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ салуының да бірден-бір сыры осында. Әйтпесе өз мақсаттары мен мүдделерін іске асыру үшін аянып қалмайтын түрлі сенім өкілдерінің тасамыздан тас атып жүргені де жасырын емес. Сондықтан бірауыздан үн қатып, бірлесе отырып, бір мәзһабта тізе қосып алға жылжысақ, ешкімнің бізге тісі бата қоймасы анық. Өйткені құлшылық амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді.

Әбу Ханифа мәзһабы өзге діни мектептермен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен, әрі демократиялығымен де ерекшеленіп тұрады. Біздің жартылай көшпелі халқымыздың бұл мәзһабты қабылдауының тағы бір себебі – өз дүние танымы, бітімі мен болмысы, жүрегі мен діліне оның тонның ішкі бауындай жақындығында.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы заманға сай жұмыстарын үйлестіре жүргізіп, бірқатар мұсылман мемлекеттермен байланыс орнатты. ҚМДБ қарауындағы мешіттердің түгел дерлігі Әбу Ханифа мәзһабы бойынша шариғат ұстанып, соған орай амал етеді. Бұл ел бірлігі мен ынтымағын, достығы мен ұйымшылдығын сақтап, оны одан әрі күшейте түсуге қызмет етеді деген сөз.

Сол себепті елімізде дін туралы қабылданған соңғы заңда Қазақстан мұсылмандарының осы мәзһабпен амал жасайтыны шегелеп көрсетілген.

## Мәлики мәзһабы

Мәлики мәзһабының негізін қалаушы – Мәлик ибн Анас (h. 93-179 м. 712-795). Бұл мәзһаб Мәдина қаласында пайда болып, Араб елдеріне, Мысырға, Солтүстік Африка мен Андулусияға дейін жайылған. Имам Мәликтің ең әйгілі еңбегі «Муатта» деп аталады. Ол – фикһ тәртібіне қарай жазылған алғашқы хадис кітабы. Мәлик атақты табиғун ғалымдардан хадистер мен фикһ ілімін үйреніп, кейіннен өзі де пәтуа бере бастайды.

Имам Мәлик үкім шығаруда өзге мужтаһид имамдар секілді негізгі діни қайнарларға (Құран мен сүннет) және сахабалардың пікірлеріне көп мән берді. Мәлики мәзһабы алдымен Хижаз өлкесінде, кейіннен имамның Асад ибн Фурат, Ибн Уәхб және Ибн Қасым сияқты шәкірттері арқылы Солтүстік Африка мен Андалусияға (Испанияның оңтүстік бөлігі) тараған, тіпті бұл Андалусияда Умеядтар мемлекетінің ресми мәзһабы болды. Қазір бұл мәзһабты көбіне Мысыр, Тунис, Алжир, Марокко және Судан мұсылмандары ұстануда.

## Шафиғи мәзһабы

Негізін қалаушы – факиһ (заңгер), мухаддис (хадисші), Мұхаммад ибн Идрис әш-Шафиғи (767-820). Ол Палестинаның Газза қаласында әскери қызметкер отбасында дүниеге келген. Жастайынан әкесінен жетім қалады. Шешесі тегі бұзылмасын деп оны Меккедегі әкесінің абыройлы туыстарының



қолына береді. Мұнда ол Суфян ибн Уяйна (811 ж. ө.) секілді тіл ғылымын, хадис пен фикһ ілімдерін терең меңгерген көрнекті дін ғалымдары мен білімпаздардың ортасында өседі. Ер жетіп 20 жасқа толған шағында әш-Шафиғи Мәлик ибн Анастан дәріс алу үшін Мәдинаға қоныс аударады. Мәлик оны қамқорлығына алып, көмекшісі міндетін жүктейді. Шамамен 35 жасында ол Бағдат пен Меккеде өз бетінше мүдждаһид (шариғат білгірі, ғалым) ретінде әрекет етті. Сол кезде ханафилік пен мәликилік мектептердің өзара қарама-қайшылықтарын біріктіруге тырысқан мәзһабын насихаттады. Жаңа мәзһаб айналасына жиналған жақтаушылар саны өсе берді. Шафиғи мәзһабы Мысырда, Малайзия, Индонезия және Кавказдың кейбір бөлігінде кең таралған. әш-Шафиғидің негізгі еңбегі – фикһ негіздері туралы жеті томдық «Китаб әл-умм». Бұл – шәкірті Яқуб әл-Бууайти ұстазының дәрістерінен жазып алған, ал кейінірек тағы бір шәкірті ар-Раба ибн Сүлеймен толықтырып, түсініктемелер жазып жарыққа шығарған еңбек.

Имам әш-Шафиғи сондай-ақ хадистер жинағы «Муснад әл-имам әш-Шафиғиді» - «Имам әш-Шафиғидың муснадын» құрастырып, хадистерді салыстыру жолдары туралы - «Ихтилаф әл-хадис» - «хадис қайшылықтары» атты кітабын жазды. әш-Шафиғи – құқық негіздерін (усул әл-фикһ) бірінші рет жүйелеп, діни ұғымдарды өзара жіктеп, олардың өзара қарым-қатынасын «Рисала фи илми-л усул» (усул ғылымы жайлы трактат) кітабында айқындап берді.

## Ханбали мәзһабы

Негізін салушы – Ахмед ибн Ханбал (848-558 ж.). Ол Бағдат қаласында дүниеге келді. Он бес жасынан бастап, 816 жылға дейін көп кітап оқып, мұсылмандардың діни орталықтарында діни білімін шыңдады. Әбу Юсуф пен әш-Шағбии сияқты көптеген ғалымдармен қарым-қатынас жасады.

Ахмет ибн Ханбал Исламды жаңа сенімдер мен ағымдардан қорғаушы ретінде көп еңбек сіңірді. Ол хадис үйренуге, жинауға және жазуға көп мән берді. Имам Шафиғиден үкім шығару әдіс-тәсілдерін үйренген. Мәжбүр болмаған жағдайда қиясқа (үйлестікке) бойұсынудың қажеті жоқ деген пікірді қатаң ұстанған.

Ханбали мәзһабы Бағдат, Мысыр, Сирия және Хижазға жайылған. Қазіргі таңда ол Сауд Арабиясының ресми мәзһабы саналады.

Мәзһаб ұстану – адасу емес, керісінше дініміздің негізгі қайнар көздеріне сүйенген дұрыс жолға түсу. Мәзһабтардағы айырмашылықтар тек абзал және дұрыс деген сөзде ғана. Яғни, біз өз мәзһабымызды абзал санаймыз да, ал қалған үш мәзһабты дұрыс деп білеміз. Тек біздің мәзһаб дұрыс, қалған үшеуі бұрыс деу адасушылық. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Үмбетімнің (кейбір мәселелерде) әртүрлі көзқараста болуы – рақымдылық»* деген. Сондықтан мәзһаб ғұламалары діннің негізгі заңдары шеңберінде адамдардың жағрафиялық жағдаяттарын, өмір сүру салттарын, дәстүрлерін ескере отырып, тармақ мәселелерде түрлі үкімдер шығарған. Бірақ бұл

олардың арасындағы бірлік-ынтымаққа кері әсерін тигізбейтін. Керісінше, бір-біріне деген құрмет-сыйлары қашанда артумен болатын. Мысалы, мынадай өнегелі оқиғалар кездескен. Ханафи ғұламасы әл-Қади Әбу Усам Шафиғи ғалымы Қаффалдың мешітіне барады. Әбу Усамды көрген Қаффал муаззинге (азаншыға) қаматтың Ханафи мәзһабы бойынша түсірілуін тапсырады да, Әбу Усамға имам болуды ұсынады. Әбу Усам намаз оқытады. Бірақ өзі Ханафи мәзһабын ұстанатындығына қарамастан, намазда «бисмиллаһты» Шафиғи мәзһабы бойынша жария оқиды.

Тағы бір мысал. Имам Мәликтің «Муатта» кітабын оқып шыққан халифа Жағфар Мансур (754-775 ж.) біліміне ризашылық білдіріп: «Өте құнды еңбек жазыпсыз. Келіңіз, мұсылмандарға Ислам дінін тек осы кітап бойынша амал еткізейік», - дегеніне имам: «Жоқ, олай етуге болмайды. Расулулланың сахабалары жан-жаққа тарады, олардың барлығы да өздерімен жақсылықты ала барды», - деген екен.

Міне, ғұламалар арасындағы әртүрлі көзқарас пен мәзһаб ерекшелігі олардың арасына сызат түсірмеген.

### **Уаһһабилік немесе Салафилік**

XVIII ғасырда Нежд өлкесінде дүниеге келген Мұхаммед ибн Абд әл-Уаһһаб негізін қаланған діни-саяси ағым оның атымен «уаһһабилік» деп аталады. Уаһһабилік идеология өкілдері өздерін – «салафиміз» деп атағандықтан осы атпен таныла бастады. «Салаф» сөзі Қасиетті Құранның бірнеше жерінде

кездескенімен «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан салафи мұсылмандардың алдыңғы үш толқынына берілген атау. Олар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары, табиғиндер (сахабаларды көргендер) мен табаға табиғиндер (табиғиндерді көргендер). Заманымызда өздерін «салафи» санаушылар Исламның әуелгі үш ғасырындағы өмір сүргендерге теңеуде. Бұрынғы салафилер шынайы Ислам жолын ұстанушылар болса, қазіргі салафилердің бағыты шын мәнінде олай емес.

Бұл ағым өкілдері әһли сунна жолын ұстанушы 4 мәзһабтың біреуін де ұстанбайтындығын айтуда. Алайда әһли сунна жолын ұстанушы Ханафи, Шафиғи, Мәлики, Ханбали мәзһабтары екендігі тарихи шындық. Шынайы салаф жолын ұстанушылар қоғам бірлігі мен ынтымағына сызат түсіретін оғаш қылық көрсетпеді. Аталмыш ағым өкілдері болса, өздерін салаф санағанымен ғалымдарымыз рұқсат беріп, қаншама ғасыр бойы жалғасын тауып келген кейбір діни мәселені бидғат санап, мұсылман жамағаты арасында іріткі салуда. Мәселен, дүниеден қайтқан кісі үшін Құран оқуға, намаздан кейін жамағатпен тәспі тартуға, дұғадан кейін бет сипауға, белгілі бір мәзһабты ұстануға, марқұмның жетісін, қырқын, жылын беруге мүлдем қарсы. Ғалымдар деңгейіндегі діни мәселелерді қарапайым мұсылмандар шешетін мәселе секілді үлкен дауға айналдыруда. Олардың кейбір топтары тіпті намаз оқымаған жағдайда мейлі ата-ана болсын, ағайын туыс болсын мұсылман емес деп қарым-қатынасты үзуде.

Өкінішке орай бұл ағым өкілдері Ислам дінін жақсы жағынан ғана таныту орнына қатігездік пен дөрекілік арқылы ата дінімізге залалын тигізуде. Қала берді, исламның отбасын құру мәселесін ұят жағдайға дейін жеткізді. Исламның көп әйел алу кеңшілігін дұрыс пайымдамай үйлену мен ажырасуды өз нәпсі қалауларына қарай бұрып, діннен хабары аз жұртшылықты исламға үрке қарау жағдайына жеткізді.

Салафилер дүниауи мәдениетке, өнерге (музыка, театр, және т.б.) наразылық білдіріп, оны күнә санайды. Тіпті жоғарыда айтылған сүнни бағыттағы 4 мәзһаб ғалымдарының пәтуаларын негізсіз санап, шариғат шарттарын орындамағандарды мұсылман емес деп біледі.

XX ғасыр басында Ислам әлемінің әр жерінде салафилік ағымды үлгі тұтқан діни реформалық әрекеттер көрініс берді. Олардың барлығы да мұсылман үмбеті 14 ғасырдан бері мойындап, ұстанып келе жатқан төрт мәзһабтың біреуін нақтылы ұстануға қарсы. Мұсылмандар арасына бүлік туғызумен қатар билікке қол жеткізу жолында содырлық пен лаңкестік жолды Ислам талабы деп түсінеді.

Салафилік идеология Кеңес үкіметі құлағаннан кейін Орта Азияға, соның ішінде қазақ жеріне де келе бастады. Олар елімізде алғашқы кезде қайырымдылық қорлар ашып, сауат ашу курстарын, араб тілін үйретеміз деген желеумен көптеген жастардың санасын улады. Қала берді орыс тіліне аударылған тегін діни әдебиеттер таратумен діни

сауаты жоқ қандастарымызды қатарларына тарта білді. Тоқсаныншы жылдары көптеген жастар діни білім алу мақсатымен мұсылман жұрттарына барды. Соның ішінде осы идеологияның шырмауына іліккендер оқуын тамамдап, елге оралған соң, сол діни ағым ұстанымдарын жаюға кірісті.

Бірте-бірте халқымыз сан ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі Ханафи мәзһабына тіл тигізу, ата дәстүрі мен әдет-ғұрыпты мойындамау, оған құрметсіздік таныту, мәдени және тарихи ошақтарды зиярат етуді дінде жоқ деу, ата-баба зираттарын қирату сияқты жайттар көрініс бере бастады.

Көпшілік жұртты «Құранымыз бір, пайғамбарымыз бір, ұлтымыз бір, тіліміз бір бола тұра неге салафизм, таблиғи жамағат, ахмадия секілді т.б. ағымдарға бөлінеміз, Ислам бөлінуге қарсы емес пе?» деген сауал жиі мазалайды.

Екі дүниенің бақытына жетелейтін Қасиетті Құранда «Бақара» сүресінде «Лә тафәррақу» (бөлінбеңдер) делінген. Ал түркі халқы: «Бөлінгенді бөрі жейді», - деп текке айтпаған.

### **Ақида ілімі – Матуриди және Әшғари мектептері**

Ислам дінінде сенім жүйесін «Ақида», ал осы салаға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылымды «калам» дейді. «Ақида» – дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесін меңзейді. Алла тағалаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Алла тағаланың жа-

ратуымен болатындығына, өлгеннен кейін қайта тірілудің хақ екендігіне дұрыс сену осы ақида саласы зерттейтін негізгі мәселелерге жатады.

Матуриди мектебінің негізін қалаушы самарқандық Әбу Мансур Матуриди, IX ғ. соңы мен X ғ. басында Мауранаһрде шиит ағымының бір тармағы исмайлиттер ағымына жауап ретінде өмірге келген ілім. Бертін келе мұсылман шығысындағы мемлекеттерге де тарады. Матуриди ілімінің кең жайылуына оның ақида (сенім) мәселелерінде Қасиетті Құран және хадиспен қатар ақыл мен пайымға да өз кезегінде орын беруі қолдау тапты. Сенім мәселелерін талқылау әрі қамту тұрғысынан Әбу Ханифаның ілімінен көп сусындаған Матуриди оған жиі-жиі жүгінетін.

Ал, Әшғари мектебінің негізін салған Әбул Хасан Әли ибн Исмайыл (873-935) еді. Әшғарилер муғтазилиттерге қарсы жауап беру үшін Құран мен хадистерге қосымша философия мен логика тәсілін пайдаланған.

Қазір әлемдегі тоқсан пайыз сунниттердің 87 пайызын «Матуридилік» пен «Әшғарилік» мектебіне қарасты «Әһли сунна уәл-жамағат» құрауда.

Кемеңгер ғалым Әбу Мансур әл-Матуридидің қаламға алған бірнеше кітаптары болғанымен соның ішінде ең танымал еңбегі «Китабут - Таухид», тәпсір саласында – «Тауилатул Құран». Сол заманның үрдісіне сай ол басқа да ғылым салаларымен айналысып, көп шәкірттер тәрбиелеген. Келе-келе X ғасыр басында Маураннаһрда осы Матуриди мектебі қалыптасты.

Бүгінгі күні аталмыш сенім мектебін Орта Азия, Үндістан, Пәкістан, Шығыс Түркістан, Малайзия, Индонезия, Кавказ, Ресей, Түркия, Таяу Шығыс және басқа да аймақтарда өмір сүріп жатқан мұсылмандар ұстануда.

Имам Матуридидің кейбір маңызды еңбектерінің бізге жетпеуінің негізгі себебі – Мауараннаһ өлкесінде жаугершілік толастамағандықтан. Матуридилік ілім мұрасын зерделеуде жерлесіміз, Тараз перзенті Хибадулла ат-Таразидің (1271-1334) де еңбегі маңызды. Матуриди ілімінде діни сенім (ақида) мәселелерінде Қасиетті Құран мен хадис, ақыл мен пайымды, логиканы біртұтас қарастыруға назар аударылады. Сондықтан да ол Ханафи мәзһабының сенім тармағын зерттейтін сала ретінде қалыптасқан.

Ханафи мәзһабының ғалымдары Имам Матуридидің көзқарасы мен Имам Әбу Ханифа көзқарасы толық үйлесетіндігін қабыл еткен. Имам Матуриди, өз кезегінде бүкіл күш-жігерін әһли сунна жолын қорғауға және мұсылмандарды осы мәзһаб туы астында жинауға сарп еткен.

### Ғылыми-ағартушылық бағыт

Ислам озық ой мен прогресстің діни ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етіп алды. Сондықтан да алғашқы күннен адамзатты білімге, оқуға үндеді. Құранға үңілумен қатар мына алып ғалам кітабын да қоса зерделеуге шақырып, Ұлы Шебердің құдіретіне саналы түрде бас идірді. Қасиетті Құранның алғашқы аяты «**Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!**» деп баста-



луы да ойланғанға ғибрат. Құрандағы «**Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?**» («Зұмар» сүресі, 9-аят); «**Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз**» («Ниса» сүресі, 162-аят); «**Сондай-ақ, құлдарынан (ең алдымен) ғалымдар Алладан қорқады**» («Фатыр» сүресі, 28-аят); «**Раббым, білімімді арттыра гөр!**» («Таһа» сүресі, 11-аят) деген аяттарды, сондай-ақ, «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары» (Әбу Дәуіт), «Тал бесіктен көр бесікке дейін білім іздеңдер» (әл-Ажлуни), «Білім мұсылман әйелге де, ерге де парыз» (Ибн Мажа. Мұқаддима 17), «Ілім үйренуге шыққан адам Алла жолында» (Муслим, Зикр 38) деген секілді хадистерді көкейге түйген мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауаттылықты барынша жаюға тырысқан. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он мұсылманға оқу-жазу үйреткен тұтқындарды босатып, суффа сахабаларын мешітке жинап, тек қана іліммен шұғылдануға жұмылдырған.

Исламдағы алғашқы ілім ошағы әл-Масжиду-л Набауимен басталған. 830 жылы халифа әл-Мамун тұрғызған Бағдаттағы әйгілі «Бәйту-л хикма» осының бірі. «Бәйту-л хикма» (оқу-ағарту үйі) аударма орталығы, кітапхана, сондай-ақ алғашқы жоғары оқу орны рөлін де атқарған. Тіпті «Бәйту-л хикмаға» қарасты арнайы обсерватория да салынған. Бұл кезеңде тараған обсерваториялар бір жағы астрономия пәнін үйрететін мектеп қызметін де атқарған.

Бағдатта уәзір Низаму-л Мүлк тұрғызған «Низамия» медресесі сол кезеңнің ең озық, ең ірі оқу орны міндетін атқарған. Андалусиялық әмауилер мен Бәни Ахмар мемлекетінде де оқу-ағарту жұмыстарына көңіл бөлінген.

Аббасилер кезеңінде білім басты назарда болған. Халифа Харұн ар - Рашид Анкараны өзіне қаратқан кезде, сондай-ақ халифа әл-Мамун Византия императоры Мишель III-ті жеңгенде, екі халифа да төлем ретінде ақша емес, көне жазбаларды талап еткені ой саларлық.

Әсіресе, Умеядтар кезеңінде Иран, Үнді, Сирия, грек тілдерінен көптеген еңбектер арабшаға аударылған. Ежелгі грек тілінен Аристотель мен Гелен, Птолемей, Пифагор, Евклид, Гиппократ, Платон, Архимедтің өлмес-өшпес шығармалары, парсы және санскрит тілдерінен де терең ой, парасатқа шақыратын талай асыл дүниелер араб тіліне аударылды. Оларға түсіндірмелер жасалды. Аударма жұмыстары Аббасилар кезеңінде тіпті үдеген. Аударудың арқасында көне мәдениеттермен кеңінен танысқан мұсылман ғалымдары бұл мәліметтерді өз білімдерімен байытып, жетілдіре түскен.

Ислам әлемінде ғылыми жұмыстар мәселесінде Андалусия эмауилері озып шыққан. Бағдат пен Кордовадан бастап, Ислам әлемінің қалаларында кітапханалар мен медреселер көптеп бой көтерген. VIII-XII ғасырларда ғылымның дамуы тұрғысынан мұсылмандарға жетер ешкім болмаған. Еуропадағы мәдениеттің қалыптасуына, ренессанс пен реформалық қозғалыстарға Ислам мәдениеті зор үлес қосқан. Мұсылмандар тәпсір, қирағат, фикһ, калам, хадис секілді ислами білімдерді дамытқан. Тәпсірде әт-Табари, әз-Земахшари, Ибн әл-Араби, Фаһр ад-дин әр-Рази, Ибн әл-Касир сынды ғалымдар көзге түссе, фикһта Әбу Ханифа, Имам Мәлик, Имам Шафиғи,

Ибн Ханбал секілді білімге ерекше терең бойлаған ғалымдар шыққан. Қалам саласында Имам әл-Ғазали, Ибн әл-Арабилер өз қолтаңбасын қалдырса, хадис саласында Имам әл-Бұхари, Имам Тирмизи, Имам Муслим, Мәлик ибн Анас сынды білгірлер алдына жан салмаған. Мұсылмандар ислами ілімдермен қатар медицина, математика, астрономия, химия, философия, тарих, география секілді жаратылыс пәндерін де дамытқан. Әсіресе халифа Һарұн ар-Рашид пен әл-Мамун кезеңдерінде мұсылмандар білімде ешкімге ат оздырмаған. Әр салада әлем мойындаған озық ғұламалар жетілген. Айталық, медицинада Әбу Бәкір ар-Рази, Ибн Сина; математикада әл-Хорезми, Ибн Жамшид әл-Бируни, Омар Хаям; химияда Жабир ибн Хайян, әл-Мақсиди; пәлсапада Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Кинди; астрономияда әл-Баттани, Али Кушжи; тарихта ал-Масуди, әт-Табари, Ибн Халдун; географияда Ибн Баттута, Ибн Хаукал т.б.

Тарихқа үңілсек, батыстықтардан бұрын көптеген ғылыми жаңалықтарды мұсылман ғалымдардың ашқанына куә боламыз. Айталық, алғаш күн сағатын ойлап тапқан Жабир ибн Әфлаһ (орта ғасырда), атом бомбасы жайлы алғаш түсінік берген Жабир ибн Хайян (721-805), автоматтық жүйені алғаш ойлап тапқан Жазари (1136-1206), зоологиялық энциклопедия кітабын жазған Мұхаммед ибн Мұса (1349-1405), тригонометрияға тангенс, котангенс, синус және косинус заңдылықтарын қосқан Әбул Уафа (940-998), алгебра кітабын жазған әл-Хорезми (780-850), агрономия саласында тұңғыш еңбек жазған Ибн Аууам (XII ғ.), алғашқы қағаз фабрикасын құрған Ибн Фа-

зыл (739-805), ішек, құрт микробын тапқан Камбур Уасим (?-1761), Жер шарының диаметрін алғаш өлшеген Мұхаммед ибн Мұса, алгебрадағы «Бином» формуласын тапқан Омар Хайям (?-1123), қазіргі дүниежүзі картасына өте жақын кейіпте дүниежүзі картасын сызған Пири Рейс (1465-1554), алғаш ұшақ жасаған Ибн Фирнас (?-888), тұңғыш рет компасты ойлап тапқан (Кабажаки XIII ғ.), тарих ғылымын алғаш жүйелеген Ибн Халдун (1332-1406), химия саласында Кантитаф тәсілін ашқан Әбул Қасым әл-Каши (?-1436), 1000 жыл бұрын майда тамырларды тауып, алғаш рет рак ауруына операция жасаған Әли ибн Аббас (?-994) секілді жүздеген ғалымдар мұсылмандар еді (Жолдыбайұлы Қ. «Күдікпен күрес»).

Қазақ халқы исламды тек қабылдаушы ғана болып қалған жоқ, сонымен қатар біз Ислам өркениетін байытуға үлес қосқан халықпыз. Ислам дінінің тарауы арқылы қазақ жерінде де ғылым дамитүсті. Тіліміздегі «қалам, дәптер, кітап, мектеп, ұстаз, мұғалім, медресе» сынды ғылымға қатысты сөздердің араб тілінен енгендігі исламның жерімізде ғылымның дамуына қаншалық оң әсер еткендігін аңғартса керек. Ислам діні келгеннен кейін еліміз аумағында көптеген әлемге атақты ғалымдар шықты. Мысалға айтқанда, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан даналар ішінде Әбу Нәсір әл-Фараби (870-950) – ғылымның барлық саласы, Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) – әсіресе география, Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) – медицина, Ұлықбек (1394-1449) – астрономия, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби (951-?) мен Исмайл әл-Жауһари

әл-Фараби (?-1002) араб тіл білімі Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-155) тарих филология ғылымдарына өзіндік үлес қосса, бұлармен қатар Исфиджаб-Сайрам, Йасы-Түркістан, Тараз бен Сығанақтан шыққан асыл перзенттеріміз де мұсылман заңы мен хадистану, тәпсір секілді ислами ілімдер саласына қалам тербеп, Ислам мәдениеті мен ғылымынан өзіндік орын алды. Бұл біздің даламызға тән Ислам жолының басым бағыттарының бірі ғылыми-ағартушылық бағыт болатынын көрсетуде.

### Йасы ғұламалары

Түркі даласына Исламның жетуі мен тарауында Йасыдан шыққан ғұламалардың еңбегі зор. Әрине солардың ішінде түркі әлеміне танымал Қожа Ахмет Йасауидың (993-1167) орны бөлек.

Тарихқа қарасақ, орта ғасыр Ислам өркениеті мен мәдениетінің ықпалы күшейген кезең екенін көреміз. Хорасан аймағынан бастау алған сопылық бағыт қазақ жерінде де қанат жая бастады. Осы тұста өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап, тек қана ақиқатты жырлады. Бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеді. Ислам дінінің өлмес-өшпес құндылықтарын дәріптеді.

Ахмет Йасауи өз трактаттарында мұсылмандарды көркем мінезді болуға шақырды. Өмірдің жалғандығы, ақыреттің негізгі өмір екендігін түсіндіретін, бұл дүниеде жасалған әрбір іске ақыреттік сауал болатыны секілді Құранмен үндесетін ақиқаттарды тілге тиек етті. Сол арқылы түркі халықтарының ақиқатқа көзін ашып, Аллаға деген құрметін артты-

ра түсті, исламға деген танымын кеңейтті. Сондай-ақ, сопылық жолдың да негіздерін дұрыс түсіндірді. Шарифат, тариқат, ақиқат, мағрифат ұғымдарының маңыздылығына тоқталды. Йасауи өз хикметтерінде тасаууф ілімі туралы кең мәлімет беріп, оны шын мәніндегі ілім ретінде жоғары бағалады. Түркі тілдес халықтар арасына Ислам діні сопылық жол арқылы кең тарады. Сопылық жол да өз арасында бірнеше тариқаттардан тұрды. Әрине шынайы сопылық жолды ғалымдарымыз қолдаған. Қожа Ахмет Йасауиді ешбір түркі халықтарының жекешелендіруіне және Йасауи жолын жеке пайданы діттейтін, жікке бөлу секілді теріс мақсатқа пайдалануға жол бермеу керек.

Йасы шаһарынан Қожа Ахмет Йасауидан басқа да көптеген дана-ғұламалар шықты. Абд ал-Хаий әл-Хасани әл-Ғинди өз еңбегінде осы Йасы – Түркістаннан шыққан бірқатар ойшылдардың аттарын атайды. Олар Әбул Аббас Ахмед бин Мұхаммед әл-Йасауи, әш-Шейх Шамс ад-Дин Ахмед бин Абд әл-Мумин әт-Түркімани әл-Банипати, Шейх Мырза Камил бин әш-Шейх Ахмед бин Мәлик әл-Йасауи Ташқанди, Шейх Ахмед бин Мұстафа ибн әл-Муин әр-Рафиқи әл-Кашмири, әш-Шейх Мұхаммед бин Мұстафа бин әл-Муин әр-Рафиқи әл-Кашмири, Шейх Таййб бин Ахмед ар-Рафиқи, әш-Шейх Маулана Абд Алла әл-Кашмири, Маулана Нұр әл-һуда бин Абд Алла бин Мұхаммед Фадл әл-Йасауи, Абд әл-Уәли әт-Тархани әл-Кашмири, Мүфти Абд әл-Мумин әл-Кашмири, Имам Замини Түркістани. Бұлардың түп-негізі Йасылық болғанымен, өмірлері

мен қызметтері Үндістан және оның уалаятының бірі Кашмирде өткен. Мұнда да кездейсоқтық жоқ. 1998-1999 жылдары мен орта ғасырларда Кашмирдің әміршісі болған, дулаттан шыққан Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) қалай қаза тапқаны, жерленген жерін анықтау үшін Кашмирге бірнеше рет барғанымда осы ел ғалымдары Ислам дінінің Үндістанға, әсіресе Кашмирге біржола орнығуына, Орта Азиядан шыққан түркілердің (біздің ата-бабаларымыздың) үлкен рөл атқарғанын, сол кезеңде 700-ге жуық Мауараннаһр сопыларының Үндістанға келгенін айтып еді. Мен ол сөздерге әуелде онша мән бере қойған жоқпын. Кейінгі зерттеулерім нәтижесінде оның ақиқаттығына көзім анық жетті.

### **Діни келісім – тыныштығымыздың кепілі**

Жер шары – ортақ мекен. Оны сақтау адамзат алдында тұрған аса күрделі мәселе. Осы мақсатты алға қойған қаншама ресми институттар оның шешімін таба алмай бас қатыруда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Астанада 2003 жылғы қыркүйекте өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары құрылтайының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Халықтардың, діндердің, мемлекеттер мен үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі кезде ерекше өзекті маңызға ие. Ол таза теориялық аядан аса маңызды практикалық міндеттер қатарына шықты. Сондықтан да көптеген аса көрнекті саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерімен, шынтуайтында, байырғы заманнан қазіргі күнге дейін тоқталмаған діндердің, мәдениеттердің,

өркениеттердің үнқатысуын жалғастыру ерекше қажет», – деген еді.

Бүгінгі алмағайып та қым-қуыт дүниеде бейбітшілік пен ынтымақ күшейіп, дамуы үшін дәстүрлі діндераралық үнқатысу мен төзімділіктің мән-маңызы жоғары. Әлемдік тарихта бұрын-соңды бір үстелдің басында көптеген дін басшыларының бас қосып, үн қатысуы, өздерін толғандырған ойларын ортаға салуы, бір-бірін сабырлықпен тыңдап, түсінісуіне біздегідей мүмкіндік тумапты. Еліміздегі дәстүрлі дін өкілдері арасындағы ортақ келісімдер мен басқосулар осындай ерекшелігімен құнды. Өркениетаралық үндесулердің дамуы мен конфессияаралық диалог мәдениетін қалыптастырудағы бұл оң бастама алдағы уақытта да еліміздің діни жолындағы басымды бағыт болып қала берері сөзсіз.

## ТҮЙІН

Ислам діні сан ғасырлардан бері мемлекеттің тірегі ретінде ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәдениет пен татулықтың діни қызметін атқарып келеді. Ата-бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде де елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Қыз ұзату, шілдеhana, тұсаукесер, сүндет той, келін түсіру, баланы қырқынан шығару секілді салттарымыздың қай-қайсысы да мұсылмандық таныммен әдемі үйлесуде. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», «Ерте тұрған әйелдің



бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» сынды тәрбиелік мақалдардың көпшілігі мұсылмандық этикамен тығыз астасып жатыр. Сондықтан ұлт тәрбиесінің мәйегі болған дініміз алдағы уақытта да осы жүрісінен жаңылмақ емес. Баршамыз мақтаныш тұтатын кешегі өткен Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Түркістани (1286-1357), Һибатулла әт-Тарази, Хусам ад-дин әс-Сығнақи және басқа да Сығнақ пен Кердер ғалымдары, Тараз бен Отырар ғұламалары, берісі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп т.б. – бәрі де фикһта Ханафи мәзһабын, ақидада (сенімде) Матуриди мектебін ұстанған. Сондықтан о бастан сунниттік екеніміз, іс-амалда Ханафи мәзһабы мен сенімде Матуриди жолын таңдауымыз ұлт ретінде ұйысып, мемлекет ретінде дамуымызға тың серпін берген. Ендеше, бүгінгі күні ұсақ-түйекті таласқа айналдырмай, дінде де ата-бабамыз салып кеткен сара жолды ұстануымыз аса маңызды. Күні кеше ғана Елбасымыз Ислам ынтымақтастығы конференциясында жасаған баяндамасында мұсылмандар арасынан ғылымда ат оздырып, Нобель сыйлығын алғандардың жоқтығына қынжылыс білдіріп, қоғамды рухани әрі ғылыми жаңаруға үндегені белгілі. Сондықтан алдағы уақытта ғылыми-ағартушылық бағыттан таймау, ел тыныштығын күзетіп, діни төзімділік негізінде өзге дәстүрлі дін өкілдерімен де жарастықта өмір сүру, тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіте түсуге жұмыс жасау – біз ұстанатын діни жолдың негізгі бағыты һәм асыл мақсаты болмақ.

## Мазмұны

Біз ұстанатын діни жол.....	3
Ақырғы елші аманаты.....	5
Ұлы өркениетке кадам.....	7
Сунниттер мен шииттер.....	10
Төрт мәзһаб.....	11
Ханафи мәзһабы.....	14
Мәлики мәзһабы.....	16
Шафиғи мәзһабы.....	16
Ханбали мәзһабы.....	18
Уаһһабилік немесе Салафилік.....	19
Ақида ілімі – Матуриди және Әшғари мектептері.....	22
Ғылыми-ағартушылық бағыт.....	24
Йасы ғұламалары.....	29
Діни келісім – тыныштығымыздың кепілі.....	31
Түйін.....	32



